

Бекітілген базалық ставкалар шегінде бірыңғай тіркелген салық мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 2010 жылғы 08 ақпандағы N 34-170 шешімі. Алматы облысы Райымбек ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 1 наурызда N 2-15-82 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 2018 жылғы 24 сәуірдегі № 37-176 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 24.04.2018 № 37-176 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 422-бабы 2 – тармағы және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 6 – бабы 1 – тармағы 14),15) – тармақшалары негізінде аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Райымбек ауданының аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бекітілген базалық ставкалар шегінде мына төмендегідей тіркелген салықтың бірыңғай ставкалары белгіленсін: (айына есептегенде)

1) бір ойыншымен ойын өткізуге

арналған ұтыссыз ойын автоматы - 4 (айлық есептік көрсеткіш)

2) біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы - 6 (айлық есептік көрсеткіш)

3) ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер - 1 (айлық есептік көрсеткіш)

4) ойын жолы - 10(айлық есептік көрсеткіш)

5) карт - 5 (айлық есептік көрсеткіш)

6) бильярд үстелі - 4 (айлық есептік көрсеткіш)

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат
хатшысы*

Т. Нүсіпқожаев

Ұ. Әбек

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК